



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANGÁZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĞY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANGÁZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĞYNA ARNALĜAN ALTYSARIN OQÝLARY
«Bilim berý praktikasy sapasyn
joğarylatýdyň ózekti máseleleri»
atty halyqaralyq ғылыми-практикалық конференциясының

MATERIALDARY

III KİTAP



III КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 257 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)
КБЖ 74.00**

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

Без новых информационных технологий уже невозможно представить себе современное образование. Занятия с использованием ИКТ становятся привычными для учащихся, а для преподавателей становятся нормой работы – это является одним из важных результатов инновационной работы в практике работы педагога.

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана.«Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». Астана. Ақорда. 2017.
2. Государственная программа «Цифровой Казахстан». Астана. 2015.
3. Винниченко Л.Г. Повышение качества преподавания в начальной школе на уроках с применением ИКТ //Эксперимент и инновации в школе. - 2010. — №4.
4. Постнова С. А. Методы практической реализации технологии критического мышления с использованием средств ИКТ в учебно-воспитательном процессе. // Инновационные проекты и программы в образовании. -2009.-№2.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТАҚЫРЫБЫ

Тулбаева Ж.Ш.
ағылшын тілі мұғалімі,
24 мектеп – гимназиясы,
Қостанай қаласы

Аннотация

Адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы - салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі озық азамат тәрбиелеу – мектептегі оқу үрдісінің алдына қойған мақсаттарының бірі.

Ертегінің қай түрін алсақта ол баланың ой-қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік жігерін қалыптастырады. Бұл мақала ағылшын және қазақ ертегілеріндегі ұқсастықтар мен айырмашалықтары туралы баяндайды.

Аннотация

Вопрос воспитания детей всегда являлся и продолжает являться, одним из наиболее важных вопросов в процессе обучения. Расширение кругозора, развитие интереса к познанию окружающего мира, способы получения нужной информации способствуют для формирования будущего хорошо воспитанного и образованного поколения.

Сказка является первым источником, который погружает детей в художественный мир и играет большую роль в становлении личности ребенка. В данной статье рассматриваются сходства и различия казахских и английских сказок.

Abstract

School plays a major role in the upbringing of young generation and the development of their desire, interests and ability to education and science. It's proved that future success and prosperity of a country depend upon well – mannered and educated generation.

There is nothing more effective than fairy-tale therapy in children's education and social development. Similar and specific characteristics of kazakh and english fairy tales are discussed in this article.

Жас жеткіншектің тілдік тосқауылын ерте жеңіп және шет тіліне деген қызығушылығын оятатын, оны ерте жастан тиімді үйретудің деңгейіне жеткізуге халық ертегілерінің қосатын үлесі әрине зор. Бүгінгі таңда мектептің оқу – үрдісінде халық педагогикасының алатын орыны ерекше.

Кез – келген халықтың ауыз әдебиетінде өзіндік зор орын алған және халықтың ерте заманнан ұрпақтан – ұрпаққа ауызша жеткізіп келе жатқан күрделі шығармасының бір түрі — ертегілер. Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесі деп қараймыз.

Басқа халық ауыз әдебиетінің жанрлары секілді, ертегілер де адамның еңбек-кәсіп ету, тұрмыс-тіршілік құру тәжірибесіне байланысты айтылады. Табиғат құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың қандай жағдайда пайда болатындығын жетік түсінбеген ерте заманғы адамдардың ұшқыр қиялынан туған; жасаған ауыр еңбектерін қалай жеңілдетсе болады деп армандауынан туған. Бұл туралы ұғымдарын, түсініктерін, нанымдары мен сенімдерін шебер әңгімелеген екен. Солай ертегі-әңгімелердің алғашқы үлгілері пайда бола бастаса керек. Халық ауыз әдебиетіндегі шығарманың бұл түрі “ертегі” деп аталуы - айтылған әңгімелердің сонау ерте ықылыи заманда пайда болғанын байқатады.

Жас ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғамның тәрбиесі. Руханилық кез – келген жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Рухани дүниелер негізінде адамның ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамып, мінез-құлқы қалыптасады. Ертегімен сусындап өскен жас жеткіншек өзі – өзін мейірімділікке, ізгілікке жетелейді. Халық ертегілері жас ұрпақты өз ана тілінде, мемлекеттік тілде сөйлеуіне, ұлттық сана – сезімін оятудың, сана арқылы қанға сіңірудің мықты құралына айналып отыр. Бұл қасиетті ертегілердің халық ауыз әдебиетінде ең маңызды орын алатыны сөзсіз екенінің дәлелі. « Халық айтса, қалып айипайды» деген сөз бар ел арасында. Енді дамып келе жатқан жеткіншек әр нәрсені білуге талпынады, білімнің тереңіне бойлау-дамуды кемелдікке жеткізеді, рухани байлыққа кенеледі. [3]

Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 жылғы Қазақстан халқына жолдауында “Тілдердің үш тұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық тіл, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» делінген. [1] Бұл дегеніміз, мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйрену қажет деген жас ұрпаққа міндеттемелер.

Ал 2017 жылы жарық көрген Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады... Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы» деп айтса, әрі қарай Ұлт көшбасшысы үкіметке жүктеген жобаның міндеттерінің бірі ретінде «Үшінші, мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек» деп жалғастыра келіп, «Біз заманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз керек. Ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін іріктеп алғаннан кейін шетелдерде оларды таныстыру рәсімдерін өткіземіз... Осылайша, мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басты тілдерінде сөйлейтін болады» деп ой тастайды. [2]

Қазіргі нарық заңы өз билігін жүргізген бәсекелестік уақытта біздің ұлтымыз да өзінің мәдени мұраларын әлем назарына ұсынудың әртүрлі жолдары мен жобаларын қарастыру үстінде. Халық ауыз әдебиетінде өзіндік орны зор Қазақ халық ертегілері де жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеудегі ұтымды тәсіл ретінде әлем назарына тұрарлықтай рухани құндылықтардың бірі десек, қателеспейміз. Халық педагогикасының қайнар көзі – ертегілер кез – келген халықтың мәдениетінің бастауы. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынудан бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық әдеби қазына. [5]

Бүгінгі мен ұсынғалы отырған тәсіл қазақ халық ертегілерін ағылшын ертегілерімен салыстыра отырып, ондағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсете

отырып, біздің ұлттық әдебиетіміздің дамыған елдер әдебиетінен кем түспейтінін бар әлемге паш ету. Бұл ертегілердің кейіпкерлері, идеясы, тіпті сюжетіндегі өте керемет ұқсастықтарды ел назарына ұсыну.

Кез – келген ертегінің жағымды да, жағымсыз басты кейіпкерлері, олардың іс – әрекеттері, жақсы немесе жаман қасиеттері баяндалып, жас жеткіншек өзіне ой түйеді. «Жақсыдың үйренеді, жаманнан жиренеді» деген халық мақалы.

Ағылшын ертегілеріндегі жинақтық образ Джэк (Jack) кейіпкері қазақ ертегілері мен аңыздарында жиі кездесетін Тазша бала кейіпкеріне қатты ұқсайды. Екеуі де кедей отбасынан шыққан, жұпыны киінген, Джэк бірде кемпірдің жалғыз баласы, бірде уйі жоқ, күйі жоқ қаңғыбас немесе жұмыс істемейтін жалқау жігіт болып бейнеленсе, [4] Тазша бала кедей отбасындағы ең кенже үшінші баласы немесе жалғыз бала, немесе жетім бала сияқты кейіпкер болып келеді. [5] Екеуіне ортақ нәрсе, ол – халық мүддесі, кедейлерге көмек көрсету, залымдар мен күштілерді алдап соғу, туғандарын қорғау сияқты жақсылық әрекеттер. Екеуінің қолданатын тәсілі де – айлакерлік, суырып салмалық, өжеттілік және батылдық. Ертегілердің оқиға желісі, қатысатын кейіпкерлерінде айырмашылық болғанымен, беретін идеялогиясы, кейіпкерлерінің іс - әрекеті тым ұқсас келеді

Келесі тоқталатын кейіпкерлеріміз – Алдар Көсе мен Робин Гуд. Бұл екеуінің бейнесі мен айналысқан кәсіптеріне қарап ұқсастық табу қиын. Робин Гуд Британияның қалаң ормандарын мекендеген, қасына бір топ қарақшыларды ерткен баукеспе ұры, қарақшы. Ол өз тобымен бірге ормандарды мекендеп, бай, ауқатты адамдардың топтары мен көштеріне шабуыл жасап отырған. Зор байлықтарға қол жеткізген. Өте ақылды, өжет және батыр. [4] Ал Алдар болса, жұпыны кедей адам болған. Ол байлардың ақмақтығы мен сараңдығын, ашкөздігін пайдалана отырып, олардан дүние – мүлік, байлықтар иеленіп отырған. Бірақ екеуі де иеленген мүліктерін халыққа таратып, кедей – кершіктерге беріп отырыпты. [5] Екеуі де халық аңыздарында көп ұшырасады, сондықтан да Алдар Көсе мен Робин Гуд өмірде болған тұлғалар деп те айтып жүр. Екеуі әділетсіздікке қарсы күресуші, қысым көрген қара халықтың қорғаушысы болып бейнеленген бұл шығармаларды оқыған жас жеткіншектерді бас кейіпкерлері қанаттандырады, оның әрекеттерін бағалай бастайды және өзіне қажетті тәрбиені алады. Сипатталған кейіпкерлердің батырлық, ержүректік бейнелері, сондай-ақ адамдардың ерлік істерге берген жоғары бағалары баланың ұлттық тәрбиеге деген көзқарасын қалыптастыру құралы. Адамдардың әсіресе, батырлардың келбеті, тапқырлығы, батылдығы суреттеледі. [6]

Қашанда адамзаттың ұлы міндеті -өзінің ісін, өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу, тағы бір қасиет — ол ізгі сезім тәрбиесі. Мысалы ағылшын ертегісі : «Том - мальчик с пальчик» [5] және қазақ ертегісі «Жарты құлақ» қамқорлық пен қайырымдылыққа, ата –ананы сүйуге үйретеді. [4] Ертегі, біріншіден, тек идеясы жағынан ғана емес, екіншіден, кейіпкерлері мен олардың іс – әрекеттерінен де қатты ұқсастық байқалады. кейіпкерлердің пайда болуы адамның дене мүшесінің бір бөлігі болып табылады. Үшіншіден, олардың бойларының шынашақтай болуы, бірақ ойларының озық, әрі өжет болуы, олардың бойындағы ата – анасына деген сүйіспеншілігі, қамқорлығы оларды батылдыққа, өжеттікке жетелейді. Қайсар мінездері мен батырлықтың арқасында олар туғандарымен қайта қауышады. Саусақтай кейіпкерлердің ата –аналары мен туғандарына деген зор махаббаттары олардың өз дегендеріне жету үшін үлкен себеп болады. Балалар үшін бұл үлкен құрметпен қарайтын іс – әрекет екенін бастыра айтуды қажет етеді. Өтірік пен шындық, сүйіспеншілік пен жеккөрушілік, жамандық пен жақсылықтың ешқашан жауапсыз қалмайтындығына бала көз жеткізеді.

Адамдық тәрбие адамгершілік тәрбиенің нәтижесі болып табылады. Адамгершілік тақырыбы қай заманда, қай халықта болмасын, басты тәрбие болып табылады. Жас

жеткіншекке адамгершілікті түсіндіріп үйрету мүмкін емес. Мәне сол уақытта бізге ертегілердің көмегі керек болады, ұрпақтың бойына адамгершілікті сіңіру ертегі арқылы беріледі. Қазақ ертегісі «Мақта қыз бен мысық» [7] және ағылшын ертегісі «The Old Woman and Her Pig» [5] осы адамгершілік тақырыбын қозғайтын көп ертегілердің бірі. Бұл ертегілер оқиға желісі бойынша қатты ұқсас деп нық сеніммен айта аламыз. Ертегі уйдің ішінен басталады, екі кейіпкер де уй сыпырып жүріп, бәр заттан тауып алады деп бастайды. Әрі қарай оқиға адамдар мен аңдардың бір – бірінен көмек сұраған диалогымен жалғасады. Ертегінің кей ертегілері сәйкес келсе, кейбіреулері ұқсамайды. Ертегі соңында бас кейіпкерлер дйттеген мақсаттарына жетіп, аяқталады. Ертегінің негізгі беретін ойы үлкендерге сондай құрметпен қарау керек деп үйретеді. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- ертегілер десем артық айтпаған едім.

Әрине әр халықтың сана – сезімі, салт – дәстүрі әр басқа. Бірақта барлық халаққа тән – халық ертегілері. Ертегілер тәрбие құралы болып табылады, бала тәрбиесінде маңызы зор. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламада айтылғандай, біз халықтық асыл мұрамызды жарыққа шығаруда әртүрлі жолдарын қарастыруымыз қажет. Ендеше, дамыған 8 елдің қатарындағы Англия елінің ертегілеріндегі ұқсастық біздің халқымыздың ертегілерін басқаларға таныстырудың ұтымды жолы неге болмасқа!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2006 жылғы 1 наурыз.
2. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
3. Р. Жұмағұлова. «Ауыз әдебиеті үлгілерін балалар бақшасында пайдалану». Алматы, Мектеп, 1981 ж. – 21 бет.
4. Джекобс Д. «English fairy-tales.» УК, 1999 жыл. 12 – 63 беттер.
5. Казахские народные сказки «Жазушы» Алма-Ата. 1971 жыл . 4 – 56 бет.
6. Мелетинский Е.М., «Герой волшебной сказки». Академия исследований культуры, Традиция, 2005 год, -20 стр.
7. Қасқабасов С. “ Казахская волшебная сказка. Алматы, 1972 г. 91стр.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖОЛДАРЫ

Утегенова Гульнар Маратовна,
Қостанай облысы Білім басқармасы
Т және КО бөлімінің маманы

Аннотация

Өзектілігі. Мақалада элеуметтік белсенділікті жастарда қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Мақсаты: колледж студенттерінің элеуметтендіру жолдарын ұйымдастыру және өолдау көрсетуді сипаттау.

Аннотация

Актуальность. В статье рассматриваются некоторые вопросы социализации студенческой молодежи колледжа. Цель: дать характеристику некоторых путей социализации молодежи и их педагогической поддержки.

Abstract

Relevance. The article deals with some issues of socialization of College students. Goal: to characterize some ways of socialization of young people and their pedagogical support.

Түйінді сөздер: студент жастарын элеуметтендіру, элеуметтік белсенділік, педагогикалық қолдау.

<i>Юлдашева М. У., Педагогические инновации в методологии преподавания языков..</i>	168
<i>Ярочкина Е. В., Джаикова М. К., Использование критического мышления на уроке...</i>	174
<i>Яхновец В. Н., Опыт применения инновационных технологий и методов в практике современного образования.....</i>	178

СЕКЦИЯ 4. БІЛІМ БЕРУДІ САНДЫҚ ЖҮЙЕГЕ КӨШІРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТӘРБИЕ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

СЕКЦИЯ 4. ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ ПО ПОВЫШЕНИЮ ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

<i>Абдилдина К. С., Назарова Г. К., Заманауи технологияларды білім беруде пайдаланудың маңыздылығы.....</i>	183
<i>Абдиркенова А. К., Жоғары оқу орындарында медиабілім беруде қолданылатын әдістер.....</i>	186
<i>Альшанова Б. Х., Суфизм: его природа и путь духовного совершенства.....</i>	190
<i>Байжанова С. А., Балгабаева Г. З., Формирование информационной компетентности у детей старшего дошкольного возраста.....</i>	195
<i>Бекенова А. К., Кожамбердиев С. А., Применение информационных технологий на учебных занятиях по педагогическим дисциплинам.....</i>	198
<i>Белтірік Н. Ж., Нугманов С. М., Шығармашылық – жеке тұлғаны дамытудың негізі.....</i>	204
<i>Буренко Е. Ю., Тапал У. Б., Ахметжанова Б. Ж., Активные методы обучения – как эффективное средство повышение качество образования.....</i>	206
<i>Ермагамбетова Ұ. Т., Білімнің келешегі және ххі ғасыр дағдыларын дамыту, ел болашығы.....</i>	209
<i>Ермаганбетова А. Ж., Ойын платформалары білім беру технологиясы ретінде.....</i>	212
<i>Есенова К. А., Айгужина Ж. С., Казахский язык в рамках обновления содержания..</i>	215
<i>Иванова Е. Н., Особенности направлений организации воспитательного потенциала будущих педагогов в условиях цифровизации образования.....</i>	218
<i>Исенова Г. Б., Жаңаша білім беру: педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру.....</i>	222
<i>Остапенко Л. Г., Повышение мотивации к обучению музыки посредством внедрения ИКТ.....</i>	226
<i>Сатыбалды М. Н., Балаканова А. Е., Основные направления цифровизации в воспитательном процессе.....</i>	229
<i>Тулбаева Ж. Ш., Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі адамгершілік тақырыбы.....</i>	232
<i>Утегенова Г. М., Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенділігіне қолдау көрсету жолдары.....</i>	235
<i>Шалатина О. Б., Калинина А. А., Театральное мастерство как один из способов повышения воспитательного потенциала студентов педагогических колледжей.....</i>	238
<i>Шевченко А. Ж., Организация работы по повышению воспитательного потенциала в условиях цифровизации образования.....</i>	241
<i>Шүжебаева А. И., Мнайдарова С. С., Теоретические основы застенчивости как научного феномена.....</i>	244
<i>Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің 80 жылдығына орай «Білім беру практикасы сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық Алтынсарин оқулары ғылыми-практикалық конференциясының тұжырымдамасы.....</i>	249